# …халықаралық ынтымақ күні—1 Май жасасын!


…РЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

# …І ТУЫ

…ИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
…ОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

…ай Бейсенбі | Шығуына 33 жыл
жеке саны 20 тиын.


## Лениннің туы астында, Сталиннің басшылығымен коммунизмнің жеңісіне қарай алға баса берейік!







# ...достығы мен даңқының берік қамалы, бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшіліктің ... Советтік Социалистік Республикалар Одағы жасасын!

*(БК(б)П Орталық Комитетінің 1 Майға арнаған ұрандарынан).*

☆

## ...көктемі

зғалысына
соғыс кұ-
тұтатуға
іне кара-
қозғалыс
құмарлары
ған жан-
талқан-
асын тағы
ге жанта-
нды көбік
ің қалта-
еріне елес
ірткыштар
жасал-
тарихтың
қару-жа-

алықтарды
ық мырза
жетпейді.
ы кытай
ыз. Мұны
ен Таяу
бостанды-
зіп жаг-
көріп

біт корей
р етті
халықтың
ниет мұра
меген тә-
әби мен
сұмырай
ышқанды,
ің қыл-
йдаланып

ға корей жеріне жіберді. Міне, империалист соғыс құмарлардың шын бет бейнесі осындай.

Алдыңғы қатарлы адамзат бейбітшілік үшін ұлы күрес майданына шықты. Бейбітшілік ісін нығайту жолындағы қажырлы күрес күн санап, сағат санап өрістеуде. Бейбітшілік үшін, демократия үшін күресуші миллиондардың жетекші күші —Совет Одағы бұл ұлы қозғалысты бастап келеді. Бұл заманымыздың аса куатты қозғалысына ұлы қытай халкы және туысқан халық демократиясы елдерінің еңбекшілері біртұтас майдан боп ұштасқан. Бұл лагерьде дүние жүзі халықтарының адал ұлдары мен қыздары —миллиондаған бейбітшілік жолында күресушілер бар.

Адамзаттың кас жауы —фашизм душар еткен соғыстың зардабы халықтардың әлі есінде. Соғыс кімге пайда, кімге қасірет-қайғы әкелетінін халықтар жақсы түсінеді. Жер шарының қай бөлегінде болмасын болашақтың иелері — жас ұрпақтардың да, қарт ата-аналардың да аузынан барлық тілдерде «Бейбітшілік салтанат құрсын, соғыс құмарлар ауыздықталсын!» деген қаһарлы сөздерді естиміз. Бұл ізгі тілек, бейбітшілікті жақтаушылардың қалың қолының туына жазылған, бұл жалынды сөздер бейбітшілік көгершінінің қанатына байланған.

Бейбітшілік сүйгіш халықтардың бейбітшілік жолындағы күресін әлсіздіктен, соғыстан қорыққандықтан туған қозғалыс деп түсіну аса үлкен қате болар еді. Бейбітшілік сүйгіш халықтардың соғыс құмарларды ауыздықтауға күші жетеді...

☆

## Болат жолдарда

Аға машинистер Рақымжанов және Нұрбаев жолдастармен бірлесе, барлық мүмкіншіліктерімізді ескере отырып, біз дүние жүзі еңбекшілерінің халықаралық ынтымақ күні —Бірінші Май мерекесін паровозымыздың жол жүру шапшандығын еселеп арттырумен қарсы алуға ұйғарған едік.

Жол жүру шапшандығын арттыра беру—еліміздің болат магистральдары қызметкерлерінің жұмысындағы негізгі көрсеткіш. Бөлімшенің озат диспетчері Георгий Родин мұның үстіне әрбір составтың салмақтық көрсеткіштерін арттыруға жетісу жолдарын көрсетті. Мереке қарсаңындағы күндерде осындай техникалық мүмкіншіліктерді сарқа пайдалана, еңбек майданындағы жаппай өрлеуге үн қоса білген паровоз бригадалары еліміздің болат жолдары патриоттарының дәстүріне сай табыстарға жете алды.

Біздің бригада апрель айында жоспардан тыс 4.000 тоннадан аса халық шаруашылығы жүктерін тасыды. Осы арқылы 6.000 сом мемлекет қаржысын үнемдедік. Бұл—біздің коммунизм көктемінің даңқты мерекесі 1 Майға арнаған тартуымыз. Келешекте де болат магистральдарда коммунизм сәулетті шыңына қарай қарыштап алға баса береміз.

Коммунизм жолындағы барлық семафорлар ашық!

**Ақпай ОРАЗАЛИН,**
**№ 19—1449 паровозының машинисі, Петропавл депосы.**

---

## Озаттардың бірі

Токарь Иван Александрович Сергеев...

☆

## ҚУАНЫШ КҮНІ

Бүгін, көктем мерекесі—қуаныш күні мен бүкіл совет адамдары сияқты күн санап өркендеп өскен Отанымды, ерікті өмірім мен бақытты тұрмысымды мақтан етіп, туысқан совет үкметі мен большевиктік партияға, көсеміміз Сталин жолдасқа деген шексіз сүйіспеншілігімді білдіремін.

Совет үкметі мен большевиктік партия Октябрь революциясынан бұрын бұратана халықтардың бірі болып саналып келген қазақ халқын, әсресе, қазақ әйелдерін бай-феодалдардың құлдығы мен күңдігінен босатып, бақыт нұрына бөледі. Солардың бірі мен «Батыр Ана» атағына ие болып, ұлдарым мен қыздарымды Отан үшін, коммунистік қоғам үшін әлпештеп өсірудемін.

Үлкен ұлым Базарбай Отан соғысы жылдарында Сталин қаласын батырлықпен қорғап, Отаны мен анасының ақ сүтін адалдықпен ақтады. Мұнан кейінгі ұлдарым мен қыздарым—Әжібай офицер, Ескендір —Алматының мемлекеттік малдәрігерлік институтының 4 курсінде, Қасым орта, Нәйля, Әмина, Әзизе жетіжылдық және бастауыш мектептерде оқып жүр. Ал, Әсия, Кенжетай және Майра балалар бақшасы мен яслилерінде тәрбиеленуде.

Ұлдарым мен қыздарымның әрқайсысы дәрігер, инженер, оқытушы, ғалым болғысы келеді. Барлығының мақсаты біреу —ол бейбіт еңбек, коммунистік қоғам құру. Өйткені, біздің елде ана мен баланың қорғанышы, қамқоршысы —совет үкметі, большевиктік партия, кемеңгер Сталин. Сондықтан совет елінде аналар мен балалардың ерікті өмірі...

☆

## Цифрлар мен фактілер

**Киров атындағы заводтың жас инженері комсомолец Стяжкин жолдас өндіріс технологиясын жетілдіруге бағытталған жаңа рационализаторлық ұсыныс жасады. Бұл ұсынысты өндіріске енгізу завод коллективінің жылына орта есеппен 250 мың сом мемлекет қаржысын үнемдеуіне мүмкіншілік береді.**

* * *

**Октябрь революциясы атындағы былғары заводының 154 жұмысшысы Сталиндік сыйлықтың лауреаттары Жандарова мен Агафонованың үлгісі бойынша жұмыс істейді.**

* * *

**Шағын двигательдер заводының конвейерден алғашқы двигательді алғанына 10 жыл толды. Осы мерзім ішінде жалпы өнім шығару мөлшері 2,9 есе, еңбек өнімділігі 2,4 есе артты.**

* * *

**Үстіміздегі оқу жылында облыс орта мектептерінің 10 класын 350 оқушы бітіріп шығады.**

* * *

**Облысымыздың мәдени-ағарту мекемелерінде 200-ден аса көркемөнерпаздар үйірмелері жұмыс істейді. Олар өткен жылы 5700-дей концерттер берді және спектакльдер қойды.**

* * *

**Петропавл каласы жылдан-жылға көркейіп келеді. Қаланы көгалдандыру жұмысы кеңінен жүргізілуде. Быйылғы көктемде және күзде кала көшелерінде жаңадан 25 мың түп түрлі көркейткіш ағаштар отырғызылады.**

* * *

**Облыс колхоздары мен совхоздары 1950 жылғымен салыстырғанда 1951 жылы мемлекетке етті 33,4 процент, сүтті 27,3 процент, жүнді 42,6 процент артық тапсырды.**

Тұрды маржан сіркіреп,
Кемпіркосақ тартылып,
Жер астасты көкпенен,
Шықты елім егіске,
Жауынгердей шеппенен.

Қыс тоқтатқан қалың қар,
Су боп акты сарқырап,
Жайқалды егіс даласы,
Жазғы шөппен жарқырап.

Көктем болды риза,
Біздер еткен еңбекке,
Ұлы еңбекте даңқымыз
Кетті тарап жер- көкке.

II

Жерімізге сеуіп әтір,
Бұлт жаңбырын төгіп жатыр,
Өзендердің толқынындай

Жалт-жұлт етіп жүзеді қыз.

Қыз жүзінен нұр төгіліп,
Қызық өмір тұр көрініп,
Көк егінді күтіп, баптап,
Бірте- бірте кетті ұзақтап.

Жасыл егін —жаңа өмір,
Жайып саусақ уілдеп тұр.

**Омар ШИПИН.**

гілі. ісімен бүкіл коллективті жаңа табыстарға жету күресіне бастаушы.

Жарыс күндерінде өнімнің сапасы да едәуір жақсарды.

**Андрей РАСТИХИН,**
**жұмысшы.**

...
көрсеткіші —т...
егіс алаңы.

**ҚК(б)П обко...**
**бөлімінің нұс...**



**Москва.** Котельник жағалауында салынып жатқан зәулім үй құрылысы.

Суретті түсірген **Н. Грановский. (СОТА-ның фотохроникасы).**

# ШОП...

Қой өсіру жөнінде сөз болса-ақ:

—Баға білсең, қой—өсімтал түлік, —дейді Петропавл ауданындағы Фурманов атындағы колхоздың аға шопаны И. Грудинин жолдас.

Бұл пікірді Полудень ауданындағы «Прогресс» (Метлишино) колхозының шопаны В. Рыбалкин және Конюхов ауданындағы Мичурин атындағы колхоздың шопаны Тельман жолдастар да бірауыздан қостайды. Жалғыз бұлар ғана емес соңғы жылдары осы сөзді көп шопандар айтатын болды.

Қой түлігі жөніндегі бұл әңгіме Қазақ ССР Министрлер Советі мен ҚК(б)П Орталық Комитетінің «1951—1955 жылдары жүн дайындауды арттыру және қой шаруашылығын өркендету жөніндегі шаралар туралы» қаулысы жарияланғаннан кейін, әсресе, кәзір Бірінші Май мерекесі күндерінде бұрынғыдан да көп айтылып жүр.

Шопандардың қай-қайсысы болсын жоғарыдағы қағидалы сөзді өздерінің көп жылғы тәжрибелеріне сүйеніп айтады. Расында да, Грудинин, Рыбалкин және Тельман жолдастар бірнеше жылдар бойына үздіксіз қой бағып келеді. Сондықтан қой өсіру жөнінде бұлардың әрқайсысының мол тәжрибесі бар. Бұл жылдар ішінде олар өздерінің туған колхозының қоғамдық малына мыңдаған қой қосты. Мысалға олардың өткен жылғы табысын ғана алайық. Бұл жылы қарамағындағы жүз саулықтың әрқайсысынан орта есеппен Грудинин 149 қозы, Рыбалкин және Тельман жолдастар 126 қозы алып, оларды түгел табынға қосты.

Қазақ ССР Министрлер Советі мен ҚК(б)П Орталық Комитетінің жоғарыда аталған қаулысына байланысты шопандар қойды бағып-күтуді бұрынғыдан да жақсарта түсуге, сөйтіп, қой шаруашылығын өркендетіп, оның жүн өнімін арттыруда күрделі табыстарға жетуге білек сыбана кіріскен еді.

Шопандардың кәзіргі кейбір табыстары, міне, осының сыйпаттамасы тәрізді. Олар шынында да соңғы күндері қой өсіру ісін мықтап жақсартты. Қой өсіруде ғылым мен озат тәжрибе табыстарын тығыз

ұштастыра отыр...
ғыл қойдың қы...
ұйымдастырды д...
ларды қыстан ...
алып шықты. Ә...
қайсысы болсын...
жеткен жоқ. Ол...
бораны, аязды ...
да үздіксіз қаж...
дықтың қандайы...
бекпен төтеп бе...
қашан жылы ұс...
де ұқыппен жұм...

—Басқа түлікт...
Грудинин жолда...
керек. Күтім әд...
ақ оның қоңы б...
Осыны мұқыят е...
сым сайын, тіпт...
біркелкі жақсы ...

—Қыс— қой ...
үшін де өте қый...
Грудинин жолд...
оның өнімділігін...
осы кезеңде ше...
тан күйлі шығар...
және жүнді көп ...
тан қойдың қыс...
үлгілі әзірлеңемі...
нап тыңғылықты...

—Қойды қыста...
шығарумен қата...
балкин жолдас,—...
төл алу маусым...
қарсы алдық. Б...
ғындағы ең жау...
санын өсіру деге...
аман сақтаумен ...
ғынсыз өсіріп, т...
бен айтқанда, ...
қой да негізінен ...
болса, төл алу н...
ғылықты әзірлені...
әрбір шопанның ...
науқанды ойдағы...
ұйымдастыру қой...
оның өнімділігіні...
әкеліп соғатыны...
ріп жүрміз.

Мен Бірінші ...
әзірлеу жолында...

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, реда...
партия және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері —1-33-2, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 0-22, газет табы...

УШ 00847. Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы полиграфия өнеркәсібі, баспа және кітап саудасы Басқармасының Петропавлдағы Мемлекеттік ...